

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PEDAGOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2025-1-85-93

ӘОЖ 338.22

ҒТАМА 87.03.05

ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ – «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫ
ДАМУДАҒЫҒЫҒЫ

Бурунова К.К.^{1*}

^{1*} «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, Ақтөбе, Қазақстан

*Хат-хабар үшін автор: burunova.karima@gmail.com

Аннотация

Мақалада геоэкологиялық білім берудің жасыл экономиканы дамытудағы рөлі мен маңыздылығын қарастырады. Мектеп географиясының оқу бағдарламасындағы экологиялық білім беру мен зерттеулерді жетілдіру қажеттілігі көрсетілген. Зерттеу нәтижелері экологиялық жауапкершілікті арттыру үшін оқушылардың білім деңгейін көтеру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және практикалық оқыту әдістерін енгізу маңызды екенін көрсетті. Мұндай қадамдар тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Геоэкология, жасыл экономика, тұрақты даму, біліктілікті арттыру, геоэкологиялық зерттеулер, экологиялық проблемалар.

ГЕОЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - ОСНОВА РАЗВИТИЯ
«ЗЕЛеной» ЭКОНОМИКИ

Бурунова К.К.^{1*}

^{1*} НАО «Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова»,

Актөбе, Казахстан

*Автор для корреспонденции : burunova.karima@gmail.com

Аннотация

В статье рассмотрены роль и значение геоэкологического образования в развитии зеленой экономики. Указана необходимость совершенствования экологического образования и научных исследований в школьной программе по географии. Результаты исследования показали, что важно повышать уровень образования студентов, повышать квалификацию преподавателей и внедрять практические методы обучения для повышения экологической ответственности. Подобные шаги способствуют реализации принципов устойчивого развития.

Ключевые слова: Геоэкология, зеленая экономика, устойчивое развитие, повышение квалификации, геоэкологические исследования, экологические проблемы.

GEOECOLOGICAL EDUCATION IS THE BASIS FOR THE DEVELOPMENT
OF A "GREEN" ECONOMYBurunova K.K.^{1*}^{1*}NAO «Aktobe Regional University named after K. Zhubanov», Aktobe, Kazakhstan*Corresponding author: burunova.karima@gmail.com

Abstract

The article examines the importance of geoeological knowledge for the development of a green economy. This educational model is aimed at forming an environmental culture of students, efficient use of natural resources, and increasing responsibility for the environment. The results of the study suggest a three-stage teaching methodology and were determined through a survey of teacher training, work with the local community, practical classes, and excursions. To move to a green economy, it is recommended to improve geoeological knowledge, which contributes to sustainable development.

Key words: Geoeology, green economy, sustainable development, advanced training, geoeological research, environmental issues.

Кіріспе

«Жасыл экономика» қазіргі уақытта әлемдік экономиканың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді және дұрыс пайдалану. Жасыл экономика концепциясы табиғатқа зиян келтірмейді, ол табиғатты одан әрі сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл зерттеу мектеп географиясының оқу бағдарламасындағы геоэкологиялық зерттеулер мен экологиялық білім беруді жетілдірудің маңыздылығын қарастырады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша геоэкологиялық білім берудің тиімділігі артып, оның жасыл экономиканы дамытудағы рөлі қарастырылады.

«Жасыл» экономика – мақсаты табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғай отырып, экономикалық дамуға қол жеткізу болып табылатын экономикалық модель. Бұл экономикалық модель тұрақты даму принциптеріне негізделген, яғни экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілердің үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Мектеп оқушыларының геоэкологиялық зерттеулердің әдіснамалық негізі ретінде жаратылыстану және әлеуметтік-экономикалық білімдер кешеніне қол жеткізуі керек. Бұл аспектіде геоэкологиялық жағдайлар мен проблемаларды анықтау және зерттеу процесінде экология, география, әлеуметтану және экономиканың рөлін бағаламауға болмайды.

Геоэкологиялық білім беру жасыл экономиканы дамытудың өте маңызды факторы болып табылады. Экологиялық білім беру нәтижесінде жастардың экологиялық жауапкершілігі артып, олардың тұрақты даму принциптерін қабылдауы артады. Оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту үшін қолданылатын үш сатылы оқыту әдістемесі экологиялық білімді оқу жүйесіне кіріктіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері геоэкологиялық білімнің маңыздылығын, оның экологиялық мәселелерді шешудегі рөлін және практикалық дағдылардың қажеттілігін растайды.

Геоэкологиялық білімдерін жетілдіру мақсатында студенттерді практикалық жұмысқа тарту, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға көңіл бөлу, жергілікті тұрғындармен ынтымақтастықты нығайту ұсынылады. Бір сөзбен айтқанда, геоэкологиялық білім беру жүйесін дамыту экологиялық мәселелерді тиімді шешуге және «жасыл» экономиканы жүзеге асыруға бағытталған қадамдарды жүзеге асыруға ықпал етеді. Білім беру бағдарламаларын жаңарту және экологияның рөлін арттыру арқылы біз тұрақты дамуға қол жеткізе аламыз.

Зерттеу материалдары

Бұл зерттеудің мақсаты жасыл экономиканы дамытуға және тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыруға көмектесу. Жұмыстың барысында мектеп географиясының оқу бағдарламасындағы геоэкологиялық зерттеулер мен экологиялық білім беруді жетілдірудің маңыздылығын қарастырады. Зерттеу жұмысы үшін география мұғалімдерінің арасында сауалнама жүргізген болатынын. Сауалнама геоэкологиялық білім берудің жасыл экономиканы дамытудағы маңызды рөлін анықтау және геоэкологиялық білімді дамыту мақсатында пікірлері мен ұсыныстарын білу мақсатында жүргізілді.


Сұрақтар геоэкологиялық білімнің маңыздылығы, геоэкологиялық білімді күшейту жасыл экономиканы дамытуға пайдасы, қиындықтар мен мәселелер, жасыл экономиканы дамыту контекстінде геоэкологиялық білім беруді жетілдіру бойынша ұсыныстары секілді сауалдарды қамтыды. Сауалнама нәтижелерін және негізгі сұрақтарға жауап берушілердің жауаптарын көрнекі көрсету үшін графиктер түрінде ұсынылды (1-7 суреттер). Сонымен қатар сауалнамаға жауап берушілердің ұсыныстары мен идеяларын да қостық.

Зерттеу нәтижелері

Сауалнамаға қатысушылардың 74,6%-ы геоэкологиялық білімді жетілдіруді өте маңызды деп бағалайды. Геоэкологиялық білім беру жасыл экономиканы дамытудың маңызды құралы болып саналады. Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің біліктілігін арттыру және білім беру бағдарламалары экологияға бағытталуы керек екенін анықтады. Қатысушылардың көпшілігі геоэкологиялық білім экологиялық мәселелерді шешуге және тұрақты дамуға көмектеседі деп есептейді. Және сауалнамаға жауап берушілер геоэкологияны дамыту мақсатында өз ұсыныстарын жазған болатын (7 сурет).

1. Жасыл экономиканы дамыту жағдайында геоэкологиялық білімді жетілдірудің маңыздылығын қалай бағалайсыз?

41 ответ



Сурет 1. Геоэкологиялық білімнің маңызы

Респонденттердің басым бөлігі (75.6%) геоэкологиялық білімнің өте маңызды екенін көрсетті, ал қалған 24.4%-ы оны маңызды деп бағалаған. Бұл геоэкологиялық білім берудің біздің білім сапасы үшін керек екенін көрсетеді.

2. Сіздің ойыңызша, геоэкологиялық білімді күшейту жасыл экономиканы дамытуға қандай пайда әкеледі?

41 ответ




Сурет 2. Геоэкологиялық білімнің пайдасы

Қатысушылардың 31.7%-ы табиғи ресурстарды басқаруды жетілдіру экономиканы дамытуға пайда әкелді деп белгілеген. 22% халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жаңартылған энергия көздері мен экотуризм саласында жаңа жұмыс орындарын құруда пайда әкеледі деп есептейді.

3. Геоэкологиялық білім беруді жақсартуда қандай проблемалар мен қиындықтарды байқайсыз?

41 ответ




Сурет 3. Геоэкологиялық білім берудегі қиындықтар

Негізгі мәселе мен қиындық ретінде сауалға жауап берушілердің 43.9%-ы қоғам мен билік тарапынан жеткіліксіз көңіл бөлуді белгілеген. Білім беру бағдарламаларын қаржыландырудың жеткіліксіздігі 29.3% болса, 14,6%-ы білікті ұстаздар санының жеткіліксіздігін көрсеткен. Және 9,8%-ы оқу бағдарламалары мен оқыту барысында әдістерді қайта қарау қажеттілігін ата өткен. Жалпы бұл көрсеткіштер қазіргі геоэкологиялық білім беруді жақсартуда ағымдағы мәселелердің бірі деп ойлаймын.

4. Сіздің ойыңызша, геоэкологиялық білімді жетілдіру арқылы экологиялық мәселелерді шешуге және жасыл экономиканы дамытуға болады ма?

41 ответ



Сурет 4. Экологиялық мәселелерді шешу мүмкіндігі

Қатысушылардың көпшілігі (95.1%) геоэкологиялық білімді жетілдіру арқылы жасыл экономиканы дамыту және экологиялық мәселелерді шешу мүмкін екенін ата көрсетті, яғни бұл салада білімнің жоғары бағаланып отырғанын көрсетеді. Менің ойымша, геоэкологиялық білімді дамыту арқылы экологиялық мәселелерді шешуге, жасыл экономиканы дамытуға әбден болады. Себебі қазір таңда осы салаға байланысты әртүрлі жақсы пікірлер мен ұсыныстар түсуде. Бұл жасыл экономикаға халықтың толық көңіл бөліп келе жатқанын көрсетеді.

5. Геоэкологиялық білім беру жағдайында студенттер мен мектеп оқушылары үшін қандай құзыреттер мен дағдылар маңызды деп ойлайсыз?

41 ответ




Сурет 5. Геоэкологиялық білім беру жағдайында білім алушылар үшін қажетті құзыреттер мен дағдылар

Сауалнамаға жауап берушілердің 58.5%-ы "экологиялық проблемаларды талдап, шешу жолдарын таба білу" маңызды деп санаса, 24.4%-ы географиялық ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын атап көрсеткен. Бұл білім алушылар үшін практикалық және теориялық білімді біріктірудің маңыздылығын көрсетеді. Осындай пікірлер арқылы болашақта геоэкологиялық білім беру саласын дамыта аламыз.

6. Сіздің ойыңызша, қоғам мен мемлекет тарапынан геоэкологиялық білім беруді дамытуға көбірек көңіл бөлу үшін қандай шараларды қолдануға болады?

40 ответов



Сурет 6. Геоэкологиялық білім беруді дамыту шаралары

Қатысушылардың жартысынан астамы (45%) геоэкологиялық білімді дамытуға бағытталған оқу орындарын ынталандыру, дамыту шараларын енгізуді белгілеген. Сондай-ақ, білімді дамытуға арналған бағдарламалар, ақпараттық науқандар мен халықты ағарту шаралары, оқу орындарын ынталандыру, одан әрі дамыту сияқты ұсыныстар да аталған.



Сурет 7. Сауалнамаға жауап берушілердің ұсыныстары

Геоэкологиялық білім беруді жақсарту бойынша сауалнамаға жауап берушілердің басым бөлігі мұғалімдердің кәсіби дамуына назар аудару керектігін, оқу бағдарламаларында экологиялық пәндерді көбейтіп, экологиялық жобаларды жиі ұйымдастыру керектігін ұсынған. Одан бөлек экологиялық экскурсиялар мен тәжірибелік сабақтар арқылы білімді практикамен ұштастыру, жергілікті тұрғындармен жұмыс жасау, оқушыларды жергілікті жобаларға тарту секілді ұсыныстар да болды.

Талқылау

Жалпы зерттеу барысы жасыл экономиканы дамытудағы геоэкологиялық білімнің рөлін анықтап, оның білім алушылар мен мұғалімдер үшін өте маңызды екенін көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары геоэкологиялық білімді жетілдіруде әртүрлі жаңа әдістерді қолдану маңызды екенін көрсетті. Бұл білім беруде заманауи, жаңа әдістерді енгізуге және қоғамда экологиялық білімнің кең таралуына әсер етеді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруды және арнайы оқытуды ұйымдастыру олардың геоэкологиялық білімінің сапасын арттырады. Мұғалімдермен жұмыс білім беру бағдарламаларын экологиялық тақырыптармен толықтыруда маңызды рөл атқарады, өйткені мұғалімдер жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы білім алушыларға білімді тиімді жеткізе алады. Бұл әдістің арқасында студенттер теориялық білімдерін өмірде сәтті қолдана алады. Сондай-ақ экскурсиялар ұйымдастыру білім алушыларға жеке тәжірибе арқылы табиғатпен тікелей байланыс орнатуға және қоршаған орта құндылықтарын түсінуге, табиғатты білуге, табиғатты қорғауға және саяхаттауға мүмкіндік береді. Экскурсия білім алушылардың табиғатқа қызығушылығын арттырып, экологиялық санасын дамытудың маңызды әдісі ретінде қолданылады.

Сауалнама нәтижелері бойынша геоэкологиялық білім беруді дамыту бойынша келесі ұсыныстар жасалды: мұғалімдердің біліктілігін арттыру, қоғамдық белсенділік, жергілікті қоғамдастықпен тығыз байланыс және практикалық жұмыс. Бұл шаралар білім алушылар сапалы экологиялық білім алып, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Зерттеулер геоэкологиялық білімнің жасыл экономиканы дамытуда және экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көпшілігі жастардың экологиялық сауаттылығын арттырудың және оны геоэкологиялық білім беру бағдарламаларына енгізудің маңыздылығын атап өтті. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ білім алушылардың далалық зерттеулерге және жергілікті экологиялық жобаларға қатысу сияқты практикалық іс-әрекеттерге белсенді түрде тартуға назар аудару керектігі ұсынылады. Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, экскурсиялар, практикалық жұмыстар, зертханалық жұмыстар және жергілікті экологиялық жобаларға қатысуды қоса алғанда, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және практикалық дайындықты күшейту қажет. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген геоэкологиялық білім беру білім алушыларға қоршаған ортаны білуге және оны қорғауда практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Ұсынылған шараларды жүзеге асыру экологиялық мәдениетті дамытуға ықпал етеді және болашақта табиғи ресурстарды тұрақты дамыту мен сақтау жолындағы маңызды қадам болады деп ойлаймын. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін тәжірибелік сабақтар, экскурсиялар және жергілікті қоғамдастықтарда нақты жобалармен жұмыс жасау сияқты заманауи оқыту әдістерін енгізуге назар аудару қажет. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және мектеп бағдарламасына экологиялық тақырыптарды енгізу де тұрақты даму жолындағы маңызды қадамдар болып табылады. Осылайша, геоэкологиялық білім беруді жетілдіру экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға маңызды үлес болады деп сенемін. Қазіргі уақытта геоэкологиялық білімнің дамуы бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді және ол жасыл экономиканы дамытуда маңызды рөл атқарады. Геоэкология Еуропа және Оңтүстік Америка елдерінде қарқынды дамуы үстінде. Табиғат ресурстарын ұтымды

пайдалануда, экожүйені қалпына келтіру және ластануды азайту шараларын жүзеге асыруда, экотуризмді дамытуда геоэкологияның маңызы зор. Осылайша, геоэкология мен жасыл экономика бірін-бірі толықтырып, тұрақты даму принциптерін жүзеге асыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Әдебиет:

1. Баубекова Г.К., Омарова К.И., Коваль В.В. Экологизация в школьном курсе // «География» - 2024. С. 21
2. Гайнулина А.Д. Экологизация школьного географияческого образования // Современные технологии в мировом, 2019. - с. 30-45.
3. Латыпова, З.Б. Экологизация географияческого образования и формирование экологической культуры / З.Б. Латыпова, М.К. Омаров, Д.Д. Давлетбердин // журнал Башкортостана. - 2021. - №2(92). - С.35-44.
4. Ефимова А.Ю. Географияческие аспекты формирования содержания природоохранных знаний будущих учителей географии // Вестник Донецкого национального университета, 2020.
5. Концепция модернизации педагогического образования республики Казахстан. Рекомендована УМО (ГУП) в области образования «Педагогические науки». Протокол №1 от 11 ноября 2022 г. Одобрена на заседании РУМС МНВО 08 декабря 2022 г. [электронный ресурс] // URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/docs/koncept2023.pdf>
6. Мамирова К.Н., Экологическая культура обучающихся в высшем учебном заведении // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2019. – №4(80). – С. 27-31.
7. Винокурова, Н.Ф., Чебурков, Д.Ф., Краева, Ю.Р. Формирование исследовательских компетенций у учащихся в контексте идей устойчивого развития средствами географо-краеведческого кружка // Н.Ф. Винокурова, Д.Ф. Чебурков, Ю.Р. Краева. - Проблемы современного педагогического образования. – Сборник научных трудов: – Ялта: РИО ГПА, 2019. – Вып. 63. – Ч. 1. – С. 61-64.
8. Розанова А.Л., Розанова С.Г. Геоэкология в школе // Проблемы региональной экологии. - 2009. [электронный ресурс] URL: <https://naukarus.com/geoekologiya-v-shkole>. С. 15.
9. Чернятин М.С. Особенности системы вопросов и заданий для учащихся в формировании экоцентрического сознания при обучении географии // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – №3(63). – С. 241-243. [электронный ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sistemy-voprosov-i-zadaniy-dlya-uchaschihsya-v-formirovani-ekotsentricheskogosoznaniya-pri-obuchenii-geografii>. С. 12.
10. Меркулов П.И. Экологизация географияческой науки: история вопроса [Электронный ресурс] / П.И. Меркулов, С.В. Меркулова // Современные проблемы территориального развития: электрон. журн. – 2018. – № 1.

References:

1. Baubekova G.K., Omarova K.I., Koval V.V. Ecologization in the school course // "Geography" - 2024. S. 21
2. Gaynulina A.D. Ecologization of school geography education // Modern technologies in the world, 2019. - p. 30-45.
3. Latypova, Z.B. Ecologization of geographical formation and formation of ecological culture / Z.B. Latypova, M.K. Omarov, D.D. Davletberdin // magazine Bashkortostan. - 2021. - No. 2(92). - P. 35-44.
4. Yefimova A.Yu. Geographical aspects of the formation of the content of environmental knowledge of future teachers of geography // Bulletin of the Donetsk National University, 2020.
5. The concept of modernization of pedagogical education in the Republic of Kazakhstan. Recommended UMO (GUP) in the field of education "Pedagogical Sciences". Protocol No. 1 dated November 11, 2022. Approval of the meeting of RUMS MNVO December 8, 2022 [electronic resource] // URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/docs/koncept2023.pdf>
6. Mamirova K.N. Ecological culture of students in a higher institution // Herald of the Kazakh National Girls' Pedagogical University. - 2019. - No.4(80). - S. 27-31.
7. Vinokurova, N.F., Cheburkov, D.F., Kraeva, Y.R. Formation of research competences in students in the context of the idea of sustainable development by means of a geographical and regional study group //

- N.F. Vinokurova, D.F. Cheburkov, Yu.R. Kraeva. - The problem of modern pedagogical education. - Collection of scientific works: - Yalta: RIO GPA, 2019. - Vyp. 63. – Ch. 1. - S. 61-64.
8. Rozanova A.L., Rozanova S.G. Geoecology in school // Problemy regionalnoi ekologii. - 2009. [electronic resource] URL: <https://naukarus.com/geoekologiya-v-shkole>. S. 15.
9. Chernyatin M.S. Features of the system of questions and assignments for students in the formation of ecocentric consciousness when teaching geography // Problems of modern pedagogical education. - 2019. - No.3(63). - S. 241-243. [electronic resource] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sistemy-voprosov-i-zadaniy-dlya-uchaschihsya-v-formirovanii-ekotsentricheskogo-soznaniya-pri-obuchenii-geografii>. S. 12.
10. Merkulov P.I. Ecologization of geographic science: history of problems [Electronic resource] / P.I. Merkulov, S.V. Merkulova // Contemporary problems of territorial development: electronic. journal. – 2018. – No.1.

Information about the author:

Burunova K.K. – corresponding author, master's student, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan; e-mail: burunova.karima@gmail.com.